

ӘОЖ 372.857

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА
ФАКУЛЬТАТИВ САБАҚТАРДЫҢ РӨЛІН ЗЕРТТЕУ**

Аманбекова А. А.,¹ Нурсафина А.Ж.,¹ Үмітбаева Д.А.²
aidana-armanovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті¹
Нұр-Сұлтан қаласы №77 мектеп-гимназия²

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасы – инновациялық тұрғыдан дамып келе жатқан мемлекеттердің қатарында. Инновациялық даму барысында болашақ ұрпақтан күтілетін біршама маңызды мәселелер де жоқ емес. Нақтырақ айта кететін болсам, еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу, оқушылардың өзін-өзі қалыптастыру қажеттілігін дамыту, адамның аяғына нық тұруға және өзіне сенімді болуға мүмкіндік беретін білім алуға қызығушылық таныту. Аталған дүниелерді халқымыз өсіп келе жатқан жеткіншектерден күтіледі. Қазіргі қарқынды дамып келе жатқан мектеп жағдайында бұл қасиеттердің барлығын оқушыларда оңай дамытуға болады. Осы мақсатқа жетудің бір жолы белгілі бір үйірмелерге оқушылардың қатысуы. Бұл тұрғыдан мектеп оқушыларына арналған факультативтік сабақтардың бағдарламасы жасалды. Ол үшін балаларға әр жаңа тақырыпты, жаңа мәтінді, проблемалық жағдайды қою арқылы жаңа оқиғаны ұсыну керек, оны шешу үшін біз факультативтік сабақты ұсынамыз.

Қазіргі уақытта мектеп қабырғасында жаратылыстану пәндерінің ішіндегі жетекші пән болып табылатын биологияны оқыту-білім беру саласындағы күрделі проблемалардың бірі. Ел экономикасына қажетті жоғары сапалы білімді мамандарды дайындаудың алғашқы негізгі сатысы орта мектеп көлеміндегі биология пәнін оқытудан бастау алады деп айтсақ та болады.

Факультатив сабақтар-оқуды қызығушылықтар бойынша саралаудың бір түрі. Жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарындағы факультативті сабақтарға мектептің орта және жоғары деңгейлеріндегі арнайы сағаттар бөлінеді. Оқушылар факультативті курстарды оқуға арналған топтарға бір немесе бірнеше параллель сыныптардан қабылданады. Әр түрлі параллельдердегі оқушылардан тұратын топтарды жинақтауға да болады.[1]

Факультативтер оқушыларға ғылыми білімнің белгілі бір саласына деген қызығушылықты тереңдетуге, оған деген көзқарасын анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, биологияға қызығушылық танытатын оқушылардың білімін тереңдету нысаны. Биологияны тереңдетіп оқытатын сыныптар, әдетте, университеттер мен академияларда құрылады. Мұндай сыныптардың саны аз. Биология бойынша факультативті сабақтар, негізінен, әр мектепте жүргізілуі мүмкін.[1]

Биология пәнінен жүргізілетін факультативтік сабақтың негізгі мақсаты-

- біріншіден, оқушылардың биологияға деген тұрақты қызығушылығын арттыру,
- екіншіден, бағдарлама материалын жан-жақтылы терең білу,
- үшіншіден, оқушыларды өзіндік және ғылыми- зерттеу жұмыстарының ең қарапайым

дағдыларына баулу.

Факультативті сабақтарда оқу пәнінің мазмұны терең зерттеледі, алған білімдері жүйеленеді және жалпыланады, теориялық және практикалық дайындық біріктіріледі, оқушыларды білім алуды жалғастыруға дайындайды, жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесімен және түсу емтихандарының бағдарламаларымен таныстыруды мақсат етеді.

Факультатив сабақтарды оқытудың мәні:

- * оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді;
- * шығармашылық, зерттеу немесе конструкторлық тапсырмаларды орындау негізінде олардың дербестік дәрежесін арттыруға көмектеседі;
- * рефераттар, баяндамалар дайындауды, библиографиялық жұмыстар орындауды үйретеді.

Факультативтік сабақтардың әдістемесі:

- тапсырмалар жеке мүше үшін де, бүкіл топ үшін де құнды болуы керек;
- оқушылардың жеке және ұжымдық жұмыс түрлерін үйлестіру;
- тапсырманы қарапайым бөліктерге бөлу, содан кейін нәтижелерді талқылау;

Факультативтік сабақтарда оқушылармен оқу жұмысы дәріс, зертханалық және практикалық сабақтар, семинарлар, экскурсиялар (мысалы, "табиғатты қорғау" факультативтері — орманға, су қоймасына, орман шаруашылығына экскурсиялар) түрінде құрылуы мүмкін. Факультативті сабақтарда жаңа оқу материалын проблемалық ұсынудың, зерттеу тәсілі мен оқу іс-әрекетінің рөлі артады. Факультативтік сабақтардағы жұмыс әдістері мен формалары оқушылардың қызығушылықтарын одан әрі дамытуға, дербестікке тәрбиелеуге және биологиялық объектілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Олар биологиялық білім берудің жалпы жүйесінде маңызды рөл атқарады.[2]

Қызығушылықтар бойынша топтар мен сыныптарды қалыптастыру оларда кәсіптік бағдар беру жұмысын бейіндік сыныптарды, факультативтік курстарды тереңдете оқу арқылы да, сондай-ақ сыныптан тыс жұмыстар: үйірмелер, ғылыми қоғамдар, экскурсиялар, дәрістер, экспедициялар және т. б. арқылы құруға мүмкіндік береді.

Біз зерттеулерімізді Нұр-Сұлтан қаласы №77 мектеп-гимназиясының 9- сынып оқушылары арасында жүргіздік. Оқушылардың факультативті сабақтарына деген көзқарастары қандай

екенін, оқушылардың пікірі бойынша олардың мәні неде екенін білу мақсатында сауалнама жүргіздік.

Сауалнама

Сіз “Олимпиадалық биология” факультатив сабағына қызығушылықпен қатысасыз ба?

- Иә-22 (71%) — жоқ-6 (19%) — өте аз деңгейдегі қызығушылық- 3 (10%)

“Олимпиадалық биология” факультатив сабағын не себепті таңдадыңыз?

— 10(32%) — зияткерлік деңгейіңізді жоғарылату ниеті

— 10 (22%) — олар мазмұны жағынан қызықты және практикалық бағытқа ие

— 11 (36%) — олимпиадаға дайындық,

Дәстүрлі сабақ пен факультативтің айырмашылығы неде?

- бағдарламада жоқ тақырыптарды зерттеу - 12 (39%)

— ерікті қатысу-3 (10%)

— жайлы орта, мұғаліммен еркін қарым — қатынас-13(42%)

— көп тәжірибе алуға болады-2 (6%)

— дәптерді рәсімдеуге емес, білімге көп көңіл бөлінеді — 1 (3%)

Факультатив сабақтарды өткізудің қызықты формаларын атаңыз?

— компьютерлер, презентациялар, бейнефильмдерді қолдана отырып — 8 (26%)

— практикалық сабақтар, эксперименттер — 13(42%)


— ойындар, іскерлік ойындар — 10 (32%)

Факультатив сабақ сізге көмектеседі ме?

— білімді кеңейтуге және тереңдетуге көмектеседі — 13 (42%)

— қызықты мәліметтерді алуға көмектеседі — 12 (39%)

- емтиханға дайындалуға көмектеседі-6 (19%)



Сурет 1 Сауалнама нәтижесі

Осы сауалнаманың нәтижелері бойынша №77 мектеп гимназиясының 9- сынып оқушыларының көпшілігі факультативті сабақтарға оң көзқараспен қарайды деген қорытынды

жасауға болады. Атап айтқанда, олардың 71% — ы қызығушылықпен факультативтерге қатысады, тек 10% - ы қызығушылықсыз. Сондай-ақ, оқушылардың олимпиадалық биология факультативін таңдау себептері: өз білімдерін кеңейтуге, зияткерлік деңгейін арттыруға мүдделі екендіктерін растайды. Оқушыларды факультативтердің мазмұны жағынан қызықты және практикалық бағыттылығы (42%) қызықтырады. Сауалнамаға қатысқандардың 36% - ы олимпиадаға дайындықтағы факультативтердің рөлін көреді.

Жоғары сынып оқушылардың 42% — ы білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге көмектеседі деп санайды, 39% — қызықты мәліметтерді алуға мүмкіндік береді, 19% - емтиханға дайындық.

Мектеп оқушыларын ауылшаруашылық мамандықтарына бағдарлауда қажеттілік өте жоғары, мектепте "жануарлар физиологиясы" және "өсімдіктану" қосымша сабақтарын дұрыс қою маңызды рөл атқарады. Бұл сабақтар жоғары мектеп оқушыларына арналған. Әрбір оқушының шығармашылық дамуы және оның кәсіби бағдарлануы үшін ең қолайлы жағдайлар факультативті сабақтар жүйесі арқылы жасалады.

Оқушылар факультативтік сабақтардан алған білімдерін ветеринария, зоотехния, медицина, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы практикасымен қолдана алады. Сонымен қатар, теория мен практиканың өзара байланысын қолдану тәуелсіз жұмыстардың педагогикалық тиімді жүйесін дамытуға мүмкіндік береді. Әдетте танымдық қызығушылықтың даму деңгейі оқушылардың жеке жұмысымен байланысты. Қызығушылығы төмен оқушылар өз бетінше жұмыс істей алмайды, мұғалімнің бақылауы мен қамқорлығын қажет етеді. Сондықтан сабақ барысында өзіндік жұмысты ұйымдастыра отырып, тапсырмаларды жекелендіру, оларды біртіндеп қиындату маңызды. Бұл оқушыларға өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын табуға және нығайтуға ғана емес, сонымен қатар өз қабілеттеріне сенімді сезінуге және танымдық қызығушылықтарын нығайтуға көмектеседі.[3]

Экскурсиялық жұмыс қызығушылықтарды факультативті сабақтарда тәрбиелеу процесінде ерекше рөл атқарады. Экскурсиялар оқушылардың танымдық және кәсіби қызығушылықтарына оң әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Бақылау көрсеткендей, оқу экскурсиялары кезінде оқушылар көбінесе сабақ тақырыбына емес, мамандыққа қызығушылық білдіретін сұрақтар қояды. Сондықтан факультативті сабақтарда мамандықтармен танысу үшін экскурсиялардың бір бөлігін өткізген жөн. Мұндай экскурсияларды ұйымдастырған кезде экскурсияны өткізетін кәсіпорынның немесе мекеменің қызметкерлері балаларға өз кәсібінің ерекшелігі, оның маңызы туралы айтып беруі керек. Бұл экскурсияларда оқушыларда практикада қолданылатын ғылымдардың жетістіктерімен, зерттеу тақырыбы мен әдістерімен, жеке мамандардың жұмыстарының мазмұнымен және маман иеленуі керек білім көлемімен таныстыру маңызды. Бұл экскурсияларда мазмұны мен формасы жағынан бір кәсіптегі, бірақ әртүрлі мамандықтағы адамдардың еңбегі қаншалықты әр түрлі болатындығын көрсету қажет, яғни мүмкіндігінше әр түрлі қызмет түрлерімен таныстыру.

Қорыта келе, біз әр баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жеке тұлғаға өзін-өзі тануға көмектесу, олардың ең жақсы қасиеттерін тәрбиелеу, биологиядағы зерттеу қызметіне деген қызығушылығын дамыту деп санаймыз. Демек, факультативтік сабақтар мектептің оқу-тәрбие процесінде үлкен маңызға ие. Тек сабақ жүйесі мен факультативтік сабақтардың өзара байланысының арқасында ғана біз жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз.

Пайдалнылған әдебиеттер тізімі:

1. Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. – М.: «Просвещение», 1983.
2. Никишов А. И. Теория и методика обучения биологии. - М.: «КолосС», 2007.
3. Аужанова Н. Б. Дидактические игры по биологии экологии. Методические рекомендации. – Алматы: Даир, 2008.